

#КүшімізБірлікте

Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділ қоғам құру. Сондай-ақ, халқымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту. Ең бастысы, қастерлі Тәуелсіздігімізді қорғап, Қазақстанды мықты мемлекетке айналдыру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МАРАПАТ



ЕҢБЕККЕ,
ЕРЛІККЕ
ҚҰРМЕТ

2

#ЖАҢАҚАЗАҚСТАН



БОЛАШАҚҚА НЫҚ
СЕНІМ

6

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 18 наурыздағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 093 992

II компонентпен

1 068 858

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 18 наурыздағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 435 643** адам,

II компонентпен **9 104 430** адам

вакцина салдырды.

Ревакцицияланғандар саны –

3 082 599

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.03.2022

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).
Таңертең тұман.

Күндіз:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).
Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

20.03.2022

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын
(жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №30 (6165) 19 наурыз, сенбі, 2022 жыл.

22 НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТӨЛ МЕРЕКЕ

Әз-Наурыз табиғатты түлетіп, тіршілікке нәр береді,
жаңару мен жаңғыруға үндейді



Мемлекет басшысы Наурыз мерекесіне орай Елордада өткен мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысып, салтанатты жиынға қатысушыларды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

3

ТҰЖЫРЫМДАМА

«НАУРЫЗ» ЖАҢАША ТОЙЛАНАДЫ



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз бұдан былай жаңа форматта тойланады. Мейрамды тойлаудың жаңа тұжырымдамасы әзірленді. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов мәлім етті.

ҚЫСҚА...

- Қазақстанда тағы бір қант зауыты салынады.
- Журналистер БАҚ туралы заңға түзетулер ұсына алады.
- Сенаторлар Алматыға жұмыс сапарымен келді.
- World Happiness Report рейтингісі бойынша еліміз әлемдегі ең бақытты елдер қатарына енді.
- Алматы әкімдігі мен ІФС ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.
- Шаһарда иммундық қабат 60%-дан аспайды.
- 12-22 сәуірде Нобель лауреаттары қазақстандық студенттерге цифрлық болашақ туралы дәріс береді.

www.almaty-akshamy.kz



2

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





МАРАПАТ

ЕҢБЕККЕ, ЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТ

Шаһар басшысы ҚР Президентінің атынан жоғары мемлекеттік наградаларды табыстады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен берілген, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан зор үлесі үшін, белсенді қоғамдық қызметі, сондай-ақ азаматтарды құтқару мен қорғауда көрсеткен жанқиярлығы үшін қаланың 31 тұрғынына Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын табыстады.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, «Парасат» орденінің иегері:

– Еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып, елді елдікке, мемлекетшілдікке шақырып, оң пікір қалыптастырып, ынтымаққа шақырып жүрген өнер, білім, ғылым қайраткерлерін бүгін Президентіміз арнайы мемлекеттік наградалармен марапаттауы бізді жігерлендіреді. Біз Жаңа Қазақстан құруға бет алған тұста алдыңғы буын ағалар кейінгі жас ұрпаққа тәрбие беруіміз керек. Президент Жолдауында «бұрынғыдай көп сөз, жалған патриотизмнің қажеті жоқ. Қазір саналы түрде Отаным, елім дейтін жаңа тұрпаттағы ұрпақтарды тәрбиелеуіміз керек» деп баса айтып өтті. Осы мақсатта еңбегімді елеп, мемлекеттік награда берілуі – жалпы ғылымға берілген құрмет деп бағалаймын.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Достық үйінде болған салтанатты марапаттау рәсімінде шаһар басшысы келе жатқан жылдың басы – Наурыз мерекесімен құттықтап, өз кәсібінде табысқа жеткен әртүрлі сала өкілдеріне марапаттарын табыстады.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауын мереке қарсаңында жасауы – игіліктің нышаны. Мемлекет басшысы Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолдарын ұсынып, халқымыздың өмірін жақсартатын іргелі саяси реформалардың жолын ашып берді. Ол ұсыныстардың жүзеге асуы – барша-мызға ортақ міндет. Қоғам өміріне бейжай қарамайтын өздеріңіздей азаматтардың орны бөлек. Елге сіңірген еңбек, жасалған ерлік ешқашан елеусіз қалмайды. Мемлекет басшысы ел дамуына еселі

үлес қосқан, ерен еңбегімен дараланған азаматтарды енді жылына 3 рет мемлекет тарапынан марапаттау туралы шешім қабылдады. Енді марапаттар Тәуелсіздік күні қарсаңында, Наурыз мерекесінде және Отан қорғаушылар күнінде берілетін болады. Бұл – еңбекті бағалаудың белгісі», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

«Парасат» орденімен ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев, «Қазақстан Республикасының Қызыл жарты ай» ҚБ президенті Еркебек Қамбарұлы, «Құрмет» орденімен қоғам қайраткері Ернар Әкімқұлов, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Ақберен Елгезек, «Қала мен дала» газетінің журналисі Нұрлан Бүркітбайұлы, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Мен қазақпын» ЖШС бас продюсері Баян Алагөзова, «Шапағат»

медалімен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Жастар» ұйымы комитетінің жетекшісі Абзал Әріпов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Химия және химиялық технология факультетінің студенттік деканы Наргиза Бактыбайқызы және тағы да басқа азаматтар марапатталды.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әлеуметтік саласына қосқан үлесі үшін қоғам қайраткері, жазушы Ләйла Сейсенбекқызы, №7 калалық-клиникалық ауруханасының бас дәрігері Манас Рамазанов, саясаттанушы Андрей Евгеньевич Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Кездесу соңында шаһар басшысы салтанатты рәсімге қатысушыларды лайықты мемлекеттік наградаларымен құттықтап, жұмыста табыс пен жаңа биіктерге жетулеріне тілектестік білдірді.

ТҰЖЫРЫМДАМА

(Басы 1-бетте)

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ
ҚАЙНАР КӨЗІ

Вице-министрдің атап өткендей, Наурыз мейрамын тойлауды заман ағымына қарай жаңа форматқа ауыстыратын уақыт келді.

– Наурыз мейрамы – терең дәстүрлі құндылықтардың қайнар көзі және ұлттың бірегейлігін құрудың жоғары шоғырландырушы әлеуеті мен тетігі бар аса маңызды бүкілхалықтық мереке. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Наурыз мейрамын мерекелеудің негізгі мақсаты – Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, азаматтарды елдің жасампаз дамуының ортақ міндеті айналасына топтастыру, ортақ мәдени-рухани құндылықтар мен жалпыұлттық сананы қалыптастыру

болуға тиіс. Осыған сәйкес Наурызды мерекелеудің жаңа тұжырымдамалық тәсілдері әзірленді, – деді Нұрғиса Дәуешов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Спикер Наурыз ең алдымен тату көршілік пен жергілікті қауымдастықтардың мерекесі екеніне тоқталып, бұл тұжырымдаманы аулаларда, қоғамдастықтарда, отбасыларда тойлауды оқшаулап, қазіргі әлемнің урбанистік жағдайларына бейімдеу ұсынылатынын жеткізді.

«НАУРЫЗ»
ЖАҢАША ТОЙЛАНАДЫТАЗАЛЫҚ ПЕН ЭКОЛОГИЯҒА
ҚАМҚОРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

– Наурыз мейрамы – тазалық пен экологияға қамқорлық мерекесі. Бұл әлеуетті ауқымды экологиялық акцияларды өске-лен ұрпақты экологиялық тәрбиелеу үшін пайдалану қажет. Осы күні бүкіл ел бойынша жаппай ағаш отырғызу және елдімекендер мен аулалардың аумақтарын тазарту бойынша «Таза табиғат» республикалық акциясы басталады, – деді Нұрғиса Дәуешов.

Спикердің айтуынша, ел бойынша ағаш отырғызу әр өңірдегі ауа райына байланысты жүреді. «Сонымен бір мезгілде бүкіл ел бойынша әлеуметтік желілерде «Әр отбасынан бір ағаш» челленджін өткізу ұсынылады. Ағаш отырғызу ауа райының жағдайына қарай жүргізіледі. Яғни көктем кеш келетін аймақтарда акцияны да кейінірек ұйымдастыруға жол беріледі», – деді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





22 НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТӨЛ МЕРЕКЕ

Әз-Наурыз табиғатты түлетіп, тіршілікке нәр береді, жаңару мен жаңғыруға үндейді

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мерекесіне орай елордада өткен мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысушыларды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Президент бір топ қайраткерге мемлекеттік награда тапсыру жөнінде шешім қабылдағанын жеткізді.

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі, азаматтарды қорғауда және құтқаруда көрсеткен жеке жанқиярлығы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көрсеткен көмегі үшін еліміздің бір топ азаматы мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында өндіріс, денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері, бизнес өкілдері, мәдениет және ғылым қайраткерлері, спортшылар, волонтерлер бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін жазушы Илья Жакановқа, еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шармановқа берілді.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ӘДІЛ ҚОҒАМ ҚҰРУ


Ел Президенті бұл мейрамның тарихы терең төл мерекеміз екенін атап өтті.

– Әз-Наурыз табиғатты түлетіп, тіршілікке нәр береді, жаңару мен жаңғыруға үндейді. Мен күні кеше ғана халыққа Жолдауымды жариялап, Жаңа Қазақстанды құруға жол ашатын маңызды бастамалар ұсындым. Мұның бәрі – елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформалардың заңды жалғасы. Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділ қоғам құру. Сондай-ақ, халқымыздың әлауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту. Ең бастысы, қастерлі Тәуелсіздігімізді қорғап, Қазақстанды мықты мемлекетке айналдыру, – деді Президент.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ

Мемлекет басшысы қоғамның барлық саласында түбегейлі өзгеріс жасауға кірісе отырып, елімізді дамытудың мүлде жаңа кезеңіне қадам бастауымызға назар аударды. Оның пікірінше, Жаңа Қазақстан – абстракты идея емес, келешектің жарқын көрінісі.

– Сіздердің әрқайсыларыңыз ынтымақ пен бірлік құндылықтарына адалдығын іс жүзінде дәлелдеген нағыз патриотсыз-



дар. Өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңізбен, көмек қолын созуға деген шынайы ниеттеріңізбен барша отандасымызға үлгі-өнеге көрсетесіздер. Біз Қазақстанды реформалау үдерісін бастадық. Жаңа мүмкіндіктер мен дамуға ұмтылған Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жолдаудағы әрбір бастаманы осы мақсатқа жету жолындағы нақты қадам деп санайды. Оны табысты жүзеге асыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

– Қазір аумалы-төкпелі кезең болып тұр. Геосаяси ахуал күннен-күнге ушыға түсуде. Оның салқыны белгілі себептерге байланысты Қазақстанға да тиеді. Бірақ біз бағдарымыздан айнымай, көздеген мақсатымызға қалайда жетеміз. Сол үшін бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

ОТАНШЫЛ ТҮЛҒАЛАРЫМЫЗ – ЖАС ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінде әрбір отандасымыз егемен елімізді өркендетуге өз үлесін қосуда. Халқымыз қашан да береке-бірлікке, ырыс-ынтымаққа баса мән берген, өзара жанашырлық пен қамқорлықты барынша дәріптеген.

– Ел ішінде бейбіт күнде еңбегімен, қиын сәтте ерлігімен көзге түскен жандар аз емес. Кешегі дүрбелең кезінде қаншама азаматымыз жұртты сабырға шақырып, саиқалы сөз айтты. Олар өз басын қатерге тігіп, айналасындағы адамдарға көмектесті. Жауапты сәтте жұртына қорған болып, елдіктің нағыз үлгісін көрсетті. Осындай отаншыл тұлғаларымыз – жас ұрпаққа өнеге. Халқымыз «Ер – еңбегімен қадірлі» деп бекер

айтпаған. Елге еңбегі сіңген жандарға Ұлыстың ұлы күнінде құрмет көрсетудің зор символдық мәні бар, – деді Президент.

Олардың арасында **«Отан» орденімен** ақын Нұржан Светкали; **I дәрежелі «Барыс» орденімен** Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Жандарбек Мәлібекұлы, ақын Нұрлан Оразалин; **III дәрежелі «Барыс» орденімен** Алматы облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Ахметжан Шардинов, Күрес федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры Дихан Қамзабекұлы, Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов және басқалар наградалды.

«Парасат» орденімен мәдениет, ғылым және білім қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері марапатталды. Олардың қатарында Ұлттық Ғылым академиясының мүшесі Кәрімбек Күрманәлиев, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы Павел Афанасьев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Берік Әбдіғалиұлы, Еділ Жаңбыршин бар.

Спортты дамыту дирекциясы пауэрлифтинг командасының жетекшісі Сергей Цырульников **II дәрежелі «Достық» орденімен** марапатталды.

«Құрмет» орденімен саясаттанушы Данияр Әшімбаев, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының директоры Талғат Қалиев, Адам құқықтары үшін хартияның атқарушы директоры Жеміс Тұрмағамбетова, Тараз қалалық көпбейінді



ауруханасының бөлім меңгерушісі Ернар Еділбаев, белсенді Орынбасар Сейітов, «Мир Евразии» қорының президенті Эдуард Полетаев, Шымкент қаласы Ауған соғысы ардагерлері одағының төрағасы Ғалымжан Майханов, қоғам қайраткері Дәурен Тәліпов, жыршы Арғын Бисенов, К.Оспанов атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Нұржан Ермағамбетов, Алматы қалалық №7 клиникалық ауруханасының бөлім меңгерушісі Есенай Еспенбетов наградалды. «Құрмет» орденіне жалпы 94 адам ие болды.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Адырна» қорының президенті Арман Әубәкір, Павлодар облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің баспасөз хатшысы Константин Музалевский, Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы Ұларбек Нұрғалым марапатталды. Осы медальмен барлығы 25 адам наградалды. «Шапағат» медаліне 68 волонтер, меценат және басқа да азаматтар ие болды. Олардың қатарында журналист Александра Мыскина, «Үміт–Надежда» мүгедектер ұйымының төрағасы Дүйсенғали Оспанов, «Океан» ПИК жұмыскері Арлан Мүтішев, «Раубоx.money» ЖШС департамент директоры Мария Чечина, Р.Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжінің студенті Мерейбек Мағабилов, «Богатырь–Көмір» ЖШС жол машиналарын реттеуші Евгений Шарифуллин, волонтер Айгерім Доскалиева бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бұл іс-шараны осы мейрамға орай өткізу игі дәстүрге айналатынын айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАҒА

Меморандумға
қол қойды

Алматыда әлеуметтік нанның бағасын тұрақтандыру шаралары жөніндегі Меморандумға қол қойылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік нан бағасының көтерілуіне жол бермеу мақсатында Алматы қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен және «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арасында жүзеге асырылатын дипломатиялық құжат 1-сұрыпты бидай ұнынан пісірілетін калыпты нанның (әлеуметтік) бағасын тұрақтандыруды көздейді.

Келісім Қазақстан Республикасының «Агро-өнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының аясында қолданылады.

Меморандум аясында Азық-түлік корпорациясы 1-сұрыпты ұн шығару үшін Алматының ұн тартатын диірмені бар ұйымдарына азық-түлік бидайының бір тоннасы үшін 90 мың теңге болып бекітілген баға бойынша жеткізуді қамтамасыз етеді.

Азық-түлік корпорациясының барлық қорынан 2022 жылдың наурыз айынан бастап, тамыз айын қоса алғандағы кезеңде Алматыға шамамен 2,7 млрд теңге жалпы сомасына 29,8 мың тоннадан астам астық жеткізу жоспарланып отыр. Келісім әрі қарай ұзарту мүмкіндігімен 2022 жылғы тамыз айына (қоса алғанда) дейінгі мерзімде қолданылады. Мегаполистің астыққа деген айлық тұтыну қажеттілігі 4 261,1 тоннаны құрайды.

Шикізатпен қамтамасыз ету қаланың негізгі нан-тоқаш комбинаттарына әлеуметтік нанның бағасын бұрынғы деңгейде сақтап қалуға мүмкіндік береді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК



Тапшылық болмайды



Досбол
АТАЖАН

Үкімет отырысында орта мерзімді кезеңге арналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Ауыл шаруашылығы министрі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысы туралы егжей-тегжейлі хабарлады.

Министр Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, 2022–2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары осы саланың әлеуметтік-экономикалық саясатының барлық негізгі бағыттарын қамтиды және Ұлттық қауіпсіздік туралы заңға сәйкес әзірленді.

Оны қамтамасыз ету үшін 3 критерий анықталды. Біріншісі – азық-түліктің физикалық қолжетімділігі, екіншісі – экономикалық қолжетімділігі, үшіншісі – өнімнің қауіпсіздігі.

Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін арттыру үшін үш

жыл ішінде өсімдік шаруашылығында әртараптандыру жүргізіледі: майлы дақылдар алқабы 3,5 млн га дейін, картоп алқабы 215 мың га дейін, жем-шөп алқабы 4,2 млн га дейін ұлғайтылады. Сондай-ақ, ірі қара мал басын 9 млн басқа дейін, ұсақ қара малды 20,1 млн-ға дейін, жылқыларды 4 млн-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Инвестициялық жобаларды іске асыру 2022 жылы картопты, көкөністер мен жемістерді сақтау қуатын кезең-кезеңімен 98,3 мың тоннаға, 2023 жылы – 104,5 мың тоннаға, 2024 жылы – 19,6 мың тоннаға арттыруға

мүмкіндік береді. Ведомство басшысы импортты алмастыру мәселесі де назардан тыс қалмайтынын айтып өтті.

«Ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тартудың жаңа нысандары арқылы кемінде 25 мың шаруашылық құру, сондай-ақ жаңа суармалы жерлерді игеру арқылы ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды ұлғайту процестері министрліктің назарында», – деді Ербол Қарашөкеев.

Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі ведомство зерттелетін импорттық өнімнің үлесін 80%-ға дейін ұлғайтуға, қолда бар кәсіпорындарды жаңғыртуға және ветеринариялық және биопрепараттар өндіру жөніндегі жаңа кәсіпорындарды құруға кірісу болжанып отыр. Бұл 2024

жылға қарай отандық тауарлардың үлесін 80%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Жоспарды іске асыру ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп толықтырды Ербол Қарашөкеев.

Сондай-ақ, ведомство басшысы Үкімет мүшелеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ағымдағы қорлары туралы хабарлады. Жедел деректер бойынша ӘМАТ саны 1,3 млн тоннаны құрайды. Оның ішінде ұн – 144 мың тонна, күріш – 39,3 мың тонна, макарон – 21,5 мың тонна және шамамен 900 мың тонна көкөніс өнімдері және т.б. қорлар күн сайын толықтырылып отыр.

Сонымен қатар, министр елдегі қантқа байланысты қалыптасқан жағдайға түсініктеме беріп, қазіргі уақытта қорда 90 мың тонна қант барын және оны толықтыру бойынша жұмыстар тоқтатылмайтынын атап өтті.

ШОБ

Өтінімдер
ескерусіз
қалмайды

Алматыда тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен бизнеске 6,2 млрд теңгеге жуық қаржы төленді.

ШОБ субъектілеріне мүлтік зиянды анықтау жөніндегі Өңірлік комиссия отырысында кәсіпкерлердің жалпы сомасы 152 млн теңгеге 31 өтінімі мақұлданды. Оның ішінде 124,5 млн теңге сомасына 19 өтінім бюджет қаражаты есебінен, 12 өтінім «Жаңа Алатау» қайырымдылық қорынан 27,5 млн теңгеге қаржыландырылды.

Қалада комиссияның 17 отырысы өтті, онда бизнестің тәртіпсіздіктер кезінде 6,2 млрд теңге сомаға зардап шеккен 1236 өтінімі мақұлданды, оның ішінде бюджет қаражатынан 5033,3 млн теңгеге 663 өтінім және «Жаңа Алатау» қорының қаржысынан 158,3 млн теңгеге 573 өтінім.

Осы уақытқа дейін InfoKazakhstan.kz сайтына келіп түскен және тіркелген барлық өтінім өңделді. Өңірлік комиссия келіп түскен жаңа өтінімдерді қарап, тиісті шешімдер қабылдайды. Зардап шеккендерге келтірілген залалды өтеу жөніндегі жұмыс жалғасуда және қатаң бақылауда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңа стандарт
енгізіледі

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі кешенді қала құрылысының жаңа стандарттары енгізілетінін хабарлады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, кешенді қала құрылысының жаңа стандарттары енгізілетін болады. Ол бос аймақтарға жаңа құрылыс кешендерін салу, бар құрылысты қайта құру және қала аумағын абаттандыру мәселелерін қамтиды.

Алдағы уақытта құрылыс үрдісі тұрғындардың қауіпсіздігі мен денсаулығы сияқты қағидаларды ескере отырып, жүзеге асырылатын болады.

Үлкен-кішілі жоспарлардың

барлығын сапалы әзірлеуді, сонымен бірге оларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін барлық деңгейдегі жобаларға бірыңғай қала құрылысы сараптамасын енгізу жоспарланып отыр.

Айта кеткен жөн, өткен жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Адамдар – инфрақұрылымға» қағидатын сақтай отырып, агломерацияларды дамыту туралы Заң және кешенді қала құрылысының жаңа стандарттарын әзірлеуді тапсырды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Келісім
жасалды

Алматы қаласының әкімдігі мен халықаралық қаржы ұйымы (IFC) «жасыл» облигациялар түрінде ұзақ мерзімді коммерциялық сыртқы қаржыландыруға қолжетімділікті жақсарту жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Келісім аясында IFC ұлттық валютада ұзақ мерзімді сыртқы қарыз алуды тарту үшін заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында қала әкімдігіне өтеусіз техникалық қолдау көрсетуді жалғастырады.

Қазіргі кезде Орталық Азиядағы алғашқы муниципалдық «жасыл облигация» түрінде әлеуетті сыртқы қаржыландыру бойынша пилоттық транзакцияны дайындау жалғасуда.

Бұл жұмыс тұрақты және жасыл инфрақұрылым қалыптастыруды талап ететін Алматы агломерациясын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатқа сәйкес келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Кезекшілік ұйымдастырылады

Кешелі бері Алматыда жаңбыр үздіксіз жауып жатыр. Күн райын болжаушылардың мәліметіне сенсек, жауын-шашын мереке күндері де жалғасатын секілді.

Мұндайда коммуналдық қызметтердің жұмысы қыза түсетіні анық. Осыған орай, су басудың алдын алу және оны болдырмау мақсатында түнде мердігерлік ұйымдардың кезекшілігі ұйымдастырылды.

Бұл орайда суды кедергісіз өткізу және сорып шығаруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін жалпы саны 650 адамнан тұратын мобилді бригадалар, 266 арнайы техника және 24 мотопомпа жұмылдырылды. 2000 қап құм дайындалды.

«Қазгидромет» РМК мамандары үздіксіз жауған нөсер ертең де қайталанатын деп отыр. Ауа температурасы 3-тен 5 градусқа дейін өзгереді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



#ЖОЛДАУ2022

Енді уақыттан ұтылуға болмайды

Тарих сахнасында қандай болсын елдің егеменді ел болуы оңай дүние болмаған. Ал егемендігін алған елдің өсіп-өркендеп, дамыған ел болуы өте ауыр үрдіс екенін жақсы білеміз. Бұл сол елдің басшысына да, халқына да үлкен сын болады.



Қазақ халқының егеменді ел болғанына 30 жыл болды. Бұл тарихи даму тұрғысынан алып қарағанда көп уақыт емес, бірақ ХХІ ғасырда, әр күннің салмағы еселеп ауырлап тұрғанда, уақытпен дұрыс санасу керек.

Өзінің 30 жылдық өмірінде алдымен экономикалық дамуды басты мақсат етіп қойған елге саяси реформа ауадай қажет болды. Мұны халық та, Мемлекет басшысы да жақсы сезінді, жақсы түсінді. Қасым-Жомарт Тоқаев өзі айтқандай, ұзаққа қалдырмай, әлемде болып жатқан аса күрделі жағдайларды ескере отырып, елімізде саяси реформа жасау жөніндегі өз ойын халыққа жария етті. Халық болса, тапжылмай отырып мұқият тыңдады,

тыңдады да иығынан ауыр жүк түскендей, толғанысты ризашылық сезіммен қабыл алды деп ойлаймын.

Жолдауда айтылған, саяси реформа жасаудың 10 бағытын да толық қолдаймын. Президент айтқандай, Жолдаудың әр бағыты көп тебіреніп, көп толғанып, терең ойланыстан туған шешімдер екені байқалады. Әр бағыттың астары тым тереңде жатыр, олар қалтқысыз түсініп, ел болып жұмыла отырып қыруар іс тындыруды қажет етеді. Біз, бұл арада, осындай саяси реформа жасауда кешігіңкіреп қалғанымызды да ескеруіміз қажет. Олай болса, енді уақыттан ұтылуға болмайды.

Мен, бұдан 30 жыл бұрын мемлекеттік деңгейде білім саласында реформа жасауға тікелей қатысқан жанмын. 1992 және 1996 жылдары дайындалған, еліміздің Білім беруді дамыту бағдарламаларын жасау үшін құрылған уақытша жұмыс тобына басшылық жасадым. Содан бері осы саланы дамыту проблемаларымен ғылыми әрі практикалық тұрғыда үзбей шұғылданып келемін. Бұл бағытта оқыған-тоқығаным, көңілге түйгендерім, атқарған істерім, әлемдік деңгейде мойындалған ғылыми ой-тұжырымдарым бар, яғни еліміздің білім беру саясатын жетілдіруге қатысты өзіндік ой қалыптастырған жанмын.

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім қандай болсын елдің өсіп-өркендеуінің түп қазығы болатын болса, осы бағытта Үкіметтік емес ұйым – Педагогикалық Ғылымдар академиясының мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты толық қолдап, әрқайсымыз осы реформаны іске асыру мақсатында тиянақты істер атқаратын боламыз.

Аскарбек ҚУСАЙЫНОВ,
Педагогикалық Ғылымдар академиясының басқарма төрағасы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик.

Жаңа Қазақстанның саяси діңгегі

Әлеуметтік мәселелерді шешумен қатар саяси сұранысты қанағаттандыру кезек күттірмес маңызды сұрақ екені белгілі, өйткені ол – қоғамды жаңартудың бірден-бір жолы.



Президент Қ.Тоқаевтың алдында басы эпидемиядан басталып, соңы қаңтардағы қақтығыстар мен ушыққан геосаяси кикіл-жіңдер салдарынан абыржып қалған қоғамды экономикалық дағдарыстан аман алып шығу, жүздеген этнос, діни конфессия өкілдерінен құралған халықтың басын біріктіре отырып, мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығын қалыптастыру, алмағайып заманда сыртқы саяси бағыт-бағдарды асқан байыптылықпен абайлап анықтау міндеті тұр.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары өміршең екендігі расталған «Әуелі – экономика, ал сонан соң – саясат» тактикасынан сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі нақты саяси реформалар стратегиясына

қадам басу – өте маңызды шешім. Соның көрінісі ретіндегі суперпрезиденттік басқару формасынан Парламенті мықты Президенттік республика тәсіліне түбегейлі өту, «Мықты Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын іс жүзінде орындау, пропорционалды және мажоритарлы аралас сайлау жүйесін енгізу, саяси партияларды тіркеу процедурасын жеңілдету әрі мүмкіндіктерін кеңейту және т.б.

Әсіресе, Президенттік өкілеттілікке шамадан тыс үстемдік беруден бас тарту жолында Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет атқаруына, квазимемлекеттік сектор басшысы болуына тыйым салу; Президенттік өкілеттілігін атқару кезінде саяси партияға мүшелікті тоқтату; Мемлекет басшысының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау; аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметінен алу құқын жою, т.с.с. толғауы жеткен шешімдер Жолдауда көптеп келтірілген.

Президент ішкі саясат мәселесіне, әлеуметтік көңіл күйге, елді біріктіруші мұраттарға жіті назар аударылатындығын байқатып отыр. Тәуелсіздікті нығайта түсудің басты шарттарының бірі – адамдардың бойында еліміздің тіршілігін баянды ететін ұлттық келісім рухын және отансүйгіштік сезімін нығайту. Негізі, мен осы Жолдауды ата буынның тәуелсіздік сынды асқақ арманын жүзеге асырған бүгінгі аға буын өкілдерінің болашақты нұқталайтын жастарға деген саяси аманаты деп қабылдадым.

Ақтолқын ҚҰЛСАРИЕВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің проректоры.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары жұмыс барысымен Алматыға сапарлап келді.

Сенаторлар кездесу өткізді



Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Парламент Сенатының депутаттары Б.Жұмағұлов, Д.Нөкетаева, С.Мәкежанов, Н.Жүсіп жұмыс сапарымен Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіне барды. Сенат депутаттарының тобын ректор С.Сағынтаева мен директорлар кеңесінің төрағасы С.Дәукей қарсы алды.

Ректор мен директорлар кеңесінің төрағасы таныстырылым жасап, Сенат депутаттарын АЭЖБУ тарихымен таныс-

тырды, сондай-ақ университеттің серіктестері туралы және оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерінің жетістіктері туралы айтты.

Ғылым және коммерцияландыру департаменті АЭЖБУ-дың ғылыми жобаларын таныстырды, содан кейін Сенат депутаттарының тобы TUR, радиомонтаж, электр машиналары, телекоммуникациялық жүйелер және Schneider Electric, Siemens, Apple, Huawei компаниялары зертханаларында болды.

Іс-шара соңында оқытушылар мен студенттер Сенат депутаттарына энергетика саласын, робототехника мен аспап жасауды инновациялық дамытуға бағытталған студенттік жобалар мен әзірлемелерді көрсетті.

Жазушылар Жолдауды талқылады

Қазақстан Жазушылар одағында Президент Жолдауына байланысты жиын өтті. Оны ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет жүргізіп отырды.



Досбол АТАЖАН

Іс-шараға ақын-жазушылар – Иранбек Оразбаев, Дулат Исабеков, Смағұл Елубай, Қуандық Түменбай, Бауыржан Жақып, Ғалым Қалибекұлы, Бакыт Беделхан, Пәтигүл Махсатова, Любовь Шашкова және өзге де қаламгерлер қатысты.

Отырыс барысында қазақ зиялылары Президент Жолдауына байланысты пікір алмасып, айтылған әрбір мәселені жекелей талдады. Ұлттық Кеңестің Ұлттық Құрылтайға айналуына, жаңа облыстардың құрылуына және өзге де саяси өзгерістерге байланысты өздерінің оң пікірлерін білдірді.



«Шынында, естігіміз келген нәрселерді естідік. Әсіресе, территориялық мызғымас-тықты қамтамасыз етемін деген сөзі көңілден шықты. Тозып бара жатқан қалаларда жаңа облыстар құрылатын болды. Президент сөзі нық, сенім мен шешім бар сияқты. Сондықтан жазушылар бұл Жолдауды қолдайды деп ойлаймын», – деді жазушы-драматург Дулат Исабеков.

Жиын барысында Президент Жолдауын идеологиялық тұрғыдан халыққа жеткізуде ақын-жазушылардың өзіндік орны аталып өтті.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты халыққа арнаған Жолдауын талқылау мақсатында Мәжіліс депутаты Динара Закиева және Аманат партиясы фракциясының мәслихат депутаттары Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті студенттерімен жиын өткізді.

Жақсы үмітке жетелейді



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Жиын барысында Мемлекет басшысының бастамалары елеулі саяси өзгерістерге әкелетіні мәлімденді. «Мен үшін Президент Жолдауының өте жағымды тұсы – бұл сайлау жүйесіне қатысты айтқаны, кез келген адамның, тіпті саяси жүйеден тыс жерде де сайлауға қатысуына мүмкіндік

беретін өзгерістері болды», – деп атап өтті ҚР Мәжіліс депутаты Д.Закиева.

Сондай-ақ, кездесуге қатысушылар биліктің өкілді тармағындағы өзгерістер мен сайлау жүйесін жетілдіруге баса назар аударды. Дәл осындай мәслихат депутаттары және студенттер арасында өткізілген кездесу Алматы мемлекеттік энергетика және электронды байланыс колледжі мен С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде де жалғасын тапты.

Ауқымы кең, мазмұны терең

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын талқылау мақсатында ҚР Ұлттық Ғылым академиясында кеңейтілген отырыс өтті. «Дөңгелек үстел» жұмысына Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлері, ҚР ҰҒА мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысып, өз ойларымен бөлісті.



Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Дөңгелек үстелде» Президенттің халыққа арнаған Жолдауы еліміздің алдағы дамуына қандай серпін беретінін және онда айтылған тапсырмалар қалай тиімді жүзеге асатындығы талқыланды. «Президентіміздің Жолдауы Ата Заңымызда көрсетілгендей, «Әлеуметтік мемлекет» статусына сәйкес, қарапайым халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында жаңашыл бастамалар мен бағдарларға негізделген. Қазіргідей күрделі кезеңде Қ.Тоқаев еліміздің болаша-

ғын тиімді мемлекетке айналдыруға екпін бере отырып, барша қазақстандықтарға сенім сыйлағаны сөзсіз. Мемлекет басшысы саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашу қажеттілігін баса айтты. Айтылған реформалардың ауқымы кең, мазмұны терең. Онда билік тармақтарының өкілеттілігінен бастап, азаматтардың құқығын қорғауға дейінгі барлық мәселе қамтылған», – деді ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов.

«Дөңгелек үстел» барысында ғалымдар өзекті мәселелерге жекелей тоқталып, алдағы уақытта қазақ халқының экономикалық жағдайы жақсарады деген байламға келді.



#КүшімізБірлікте

БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІМ

«Жаңа Қазақстан» жастар қозғалысы Мемлекет басшысының бастамаларын қолдады

Динара
МУРАТ

Кеше «Алматы арена» спорт кешенінде «Жаңа Қазақстан. Күшіміз – бірлікте» атты фестиваль-концерт өтті. Іс-шараға Алматының 36 жоғары оқу орнынан 15 мыңнан астам студент қатысты. Фестивальді «Жаңа Қазақстан» жастар қозғалысының жетекшісі, меценат Сырымбек Тау ұйымдастырды.

Бірі күн бұрын Қазақстан жастарын біртұтас астына біріктіретін «Жаңа Қазақстан» атты қоғамдық қозғалыс құрылған болатын. Ал кеше оның құрылтайшылары: бизнесмен, меценат Сырымбек Тау, шығармашыл жастардың өкілі Оңдасын Құлымбет, G-38 студенттер қозғалысының негізін қалаушы Айсұлу Ерниязова, ztb медиа-платформасының негізін қалаушы Марғұлан Тұрсынов пен алматылық жоғары оқу орындарының проректорлары 10 мың студентті фестиваль-концертте жинады.

Соңғы уақыттары ұйымдастырылған шаралардың ішіндегі ірісіне айналған бұл кеште «Орда», «Жігіттер», «Балкон», «Меломен» музыкалық топтары мен қазақстандық белгілі әншілер Қайрат Нұртас, Мархаба Сәби, Айри, Мерей Әбілова, Луина, Серік Ибрагимов және т.б. өнер көрсетті. КВН ойыншылары, әзіл-сықақшылар, спортшылар мен қоғам белсенділері жаңа Қазақстан идеясын сахнадан жастарға жеткізуге, оларды біріктіруге талпыныс білдірді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндағы мақсат – еліміз жаңа бағдарға бет бұрған жолда жастарды қапы қалдырмау, оларды еліміздің болашағын құруға талпындыру.

«Пандемия салдарынан, қаңтардағы оқиғалардан кейін бізде негативті оқиғалар көп орын алды. Яғни бірінші курсқа түскен студенттің өзі осы күнге дейін Алматыдағы үлкен іс-шаралардың, студенттік өмірдің дәмін де татып көрмеді. Оңтүстік шаһарымыздың 36 жоғары оқу орнының студенттері бір-бірімен араласудан, бірігуден қалды. Сондықтан бүгінгі фестиваль жастар кеудесіндегі шоқтық тұтатуда себепші болар деген сенімдеміз. Он мың студент жиналған ортада әрқайсысы жалғыз емес екенін, бірге екенін сезу арқылы Жаңа Қазақстанды бірігіп қана құра алатынымызды түсінеді деген ойдамыз», – деді Оңдасын Құлымбет.

Жалпы қозғалыстың бастауында жүрген кәсіпкер Сырымбек Тау аталмыш шараның әлеуметтік желіде жарияланған ұсыныстан басталғанын айтады. Естеріңізге сала кетейік, 14-15 наурызда ол әлеуметтік желілерде Алматы жастарын жаңа Қазақстанды



құруға шақыру посты вирустық месседжге айналып, бүкіл қаланың студенттері бұл қозғалысты қолдап, фестиваль өткізуді ұсынды.

«Жалпы еліміз, бүкіл әлем қиын-қыстау кезеңді бастан кешіруде. Сондықтан біздің болашағымыз – жастар мұңаймасын, олардың жүрегіне үрей ұяламасын деп осындай бір керемет фестивальді ұйымдастырып беруге ұсыныс тастағанмын. Мені қолдаған кәсіпкерлер достарыма, жалпы, осы іс-шараны қолдаған барлық адамдарға алғысымды білдіремін. Іс-шара көріп отырғандарыңыздай керемет өтіп жатыр. Қуанышымда шек жоқ», – деп алғысын білдірді кәсіпкер.

Ұсынысқа қолдау көрсеткен кәсіпкерлер, қоғам белсенділері мен әртістерге еш қаражат бөлінбеген, ал әкімдік болса қауіпсіздік шараларын бастан-аяқ өз мойындарына алған. Ал алматылық университет проректоры Қайыржан Меңдіғалиев бүгінгі шара белсенділердің ғана емес, жастардың қалауы мен бастамаларының арқасында ұйымдастырылғанын жеткізді.

«Бізге 400 орын берілді, бірақ тілек білдірушілер көп болды. Кейін қосымша орындар берілді. Билеттер ең белсенді, бастамашыл және табысты студенттер арасында таратылды. Менің ойымша, жастар бұл фестивальде өздеріне қуат алып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алға тартқан «Жаңа Қазақстан» идеясының төңірегінде бірігеді. Біз жаңа Қазақстанды құрудамыз және әркім өз бетімен көп жұмыс істеу мен еліміздің дамуына үлес қосу қажеттігін түсінуі тиіс. Жаңа Қазақстан – бұл жас-

тар, жаңа тұлғалар. Қоғамның дамуындағы рөлді жете бағалауға болмайды, дәл осы жаңалық жастар арқылы келеді», – деді проректор.

Әртістердің өнер көрсетулері арасында қоғам белсенділері мен пікір көшбасшылары жастарды бірігуге шақырса, оған студенттер «Күшіміз – бірлікте» деп қолдау білдірді.

«Жолдауда депутаттық корпусқа, әкімдер мен басқармалар деңгейіндегі билік тармақтарына қатысты жаңа реформаларға назар аударылды. Бәрі үкіметтің жоғарғы жағында өзгереді. Қазір әркім еліміздің тағдырына әсер ете алады. Біз жастарға үлкен үміт артамыз – олардың белсенді, қамқор болғанын қалаймыз. Бүгін жаңа идея, өзгеріс және жаңа өмір үшін көптеген студенттер жиналды. Маған Президенттің барлық қазақстандықтарға үлгі көрсетіп, бәрін өзінен бастағаны ұнайды. Өз елінің патриоты ретінде Қазақстанның өмір сүрудің барлық саласында жақсы болғанын қалаймын, – дейді Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының төрайымы Алма Ауғанбаева.

Жалпы біздің жастар ешқашан мұңаймау керек, өйткені, олар жақсылықты ғана ойлауы керек, жақсы дүниелерді көре білуі керек, жалған ақпарат пен шынайы ақпаратты ажырата білу керек. Қазір осының бәрі қоғамдағы дертке айналды. Ұйымдастырушылар бүгінгі фестиваль-кеш сол жақсылықтың бастамасы деп біледі. Мұндай шаралар бүгін ғана емес, ары қарай да жалғасын таппақ.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІ

ТАРАМЫСПЕН ТОРСЫҚ ТҮЙГЕН

Жанұзақ НҮРТАЙ төрт түліктің терісін ұлттық дәстүрлі технология бойынша илейді



Қазіргі таңда ұлттық салт-дәстүріміздің ұмыт қалмауына барын салып, қазақы қолөнерді дамытуға күш салып жүрген жандардың қатары артып келе жатқаны қуантады. Солардың бірі ғана емес, бірегейі Жанұзақ НҮРТАЙМЕН әңгімелескен едік.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қолөнердің бағыты көп. Оның ішінде терімен жұмыс жасайтындар аз. Себебі, көпшілігі тері илеу жұмысының қиындығынан қашады. Әрі оның жағымсыз иісі болады. Жанұзақ төрт түліктің терісін қазақтың дәстүрлі технологиясы бойынша иелейді. Ол үшін теріні 10–15 күн ашыған айранда ұстайды.

– Терінің иі әбден қанған кезде жүн жағын жуып, тазартамыз. Содан соң тақыр бетіндегі идің қалдығын қырып тастаймыз. Осыдан кейін теріні уқалап, жұмсартамыз. Дайын теріден түрлі бұйымдар жасауға болады, – дейді кейіпкеріміз.

Теріден жасалатын бұйымдардың бірі – **торсық**. Ол үшін әбден иі қанған тері қажет. Қазір Жанұзақтың жұмыс шеберханасынан түрлі пішінде жасалған торсықтарды көруге болады.

– Иі қанған, жақсы иленген теріге қағаздан торсықтың пішінін бастырып, қиып аламыз. Кесілген терілер бір-біріне тігіледі. Бұрын ата-бабаларымыз торсық жасағанда тарамысты пайдаланған. Бұл – теріден, көннен, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, ірі қараның сіңірінен алынатын берік жіп. Тарамыс әзірлеу үшін күзде сойылған ірі қараның желке, жіліншік сіңірлерін ет ілестірмей, сылып алу керек. Сылынған сіңірлерді көлеңкеге іліп қойып, бабымен кептіретін болған. Әбден кепкен тарамысты дөңбекке салып, ағаш балғамен жаныштай соқса, ол тарамдалып, шашақтана жұмсарады. Содан соң оны әуелі тарақтың ірі жүзімен, содан кейін жиі жүзімен тараса, біркелкі жіңішке талшықтарға айналады. Бұл – теріден, былғарыдан, қайыстан, көннен жасалатын бұйымдар үшін таптырмас құрал. Қажет болған

жағдайда тарамыс талшықтарын қабаттап, ширатып та пайдалануға болады. Алайда, іс тіккен кезде тарамысты аздап ылғалдап алу керек. Оны сілемдеу дейді. Сілемделген тарамыс іс тіккенде сәл созылып отырады, келе-келе тырысып, тігісті бүріп, берік ұстайды. Тарамыспен тігілген тері ыдыстар ішіне сұйық құйылғанда ылғал жібермейді. Себебі, тарамыс ылғалдан келе ісініп, сұйықтың өтетін тесіктерін бекітіп, бітей түседі. Тарамыспен тігілетін торсықтың құны да, құндылығы да жоғары болады, – деді шебер.

Жанұзақ торсық жасау тәжірибесімен де бөлісті.

– Кезінде ата-бабаларымыз торсықты түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасаған ғой. Жүні жидітілген теріні қалыпқа салып пішіп, тарамыспен тіккен. Оның үстіне, торсықты саба сияқты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстаған. Жалпы, торсықтың шимай-торсық, өркешторсық, жанторсық, мүйізторсық сияқты түрлері бар. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын жасаймыз. Тығынның әр жерде қалмауы үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшы торсықтың мойнына бекітіп қоюды да ұмытпаймыз. Әрине, бұйымның көз тартарлық болуы үшін сыртына ысқышпен әртүрлі өрнек салынады. Өз басым, торсық жасаған кезде теріні бір-біріне жапсыра тіккеннен соң, ішін ылғал топырақпен толтырамын. Бұл торсықтың ішін кеңейту әрі теріні сол қалыпта кептіру үшін қажет. Кейін кепкен топырақты төгіп, торсық ішін тазалап, майлаймын. Бұрынғылар торсықты жылыңның майымен жиі-жиі майлап отырған. Өз бұйымдарымды жасағанда бұл әдісті мен де қолданамын, – дейді шебер.

Елімізде өткен шараларды айтпағанда, көршілес елдерде де Жанұзақтың тауарлары кең сұранысқа ие. Бүгінде ол шәкірт тәрбиелеп отыр. Оның қолөнер тақырыбында өтетін түрлі байқауларда топ жарып жүрген мықты-мықты шәкірттері де бар.



Тақырытқа орай

ТЕРІ ӨНДЕУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛДАР

Теріні керіп, созып, иін қандыра жұмсартатын ағаш аспап – **Талқы**. Оның ирек, сүзгі, созғы, баспа талқы, тіс ағаш дейтін түрлері бар. Баспа талқы аша ағаштан жасалады. Екі ашаның ортасына еркін сыятын, астында кертілген тістері бар бастырық орнатылады. Талқының екі ашасында бастырықтың тістеріне қарама-қарсы кертілген тістері болады.

Ирек ағаш – тері өндеуде қолданылатын құралдардың бірі. Оның жалпақтығы 10–15 см, қалыңдығы 7–8 см болады. Ол – ишілер тұтынатын, иленген терінің қыртысын жазып, жұмсарту үшін пайдаланылатын, иіні іш жағынан кертілген бедерлі ағаш.

Иленіп, кепкен терінің бір жағын аяққа басып тұрып, екінші жағын «ирек ағашқа» орап алып бұраулап тартқылайды. Сонда тері тегістеліп созылады әрі жұмсарады. «Ирек ағашты» байпақ (пима) басушылар да қолданады.

Сыдырғы – таспаны өндеу үшін қолданылатын құрал. Ұзындығы 15–20 см-дей жіңішке ағаштың екі жағын сәл жонады да, оның орта бөлігінен бір ернеуін тік, екінші ернеуін көлбеу етіп тар ұя жасайды. Таспаның бір шетін ойықтың тік ернеуіне сүйеп, өткір пышақтың жүзін ойықтың көлбеу шетіне тіреп ұстайды. Таспаны бір қалыпты жылжытып тартқанда, пышақ жүзіне ілінген жері сыдырылып қалады. Сондықтан бұр құрылғыны «сыдырғы» деп атайды.

Тарамыс – теріден, көннен, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп-таспа. Тарамыс әзірлеу үшін күзде соғымға сойылған ірі қараның желке, жіліншік сіңірлерін ет ілестірмей сылып алу керек. Сылынған сіңірлерді көлеңкеге іліп қойып, бабымен кептіреді. Әбден кепкен тарамысты дөңбекке салып, ағаш балғамен жаныштай соқса, ол тарамдалып, шашақтана жұмсарады. Сонан соң оны алдымен тарақтың ірі жүзімен, содан кейін жиі жүзімен тараса, біркелкі жіңішке талшықтарға айналады.

ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР



ӨРМЕТӨСТІК ӨРУ ДЕ – ӨНЕР

Алматының Әуезов ауданына қарасты «Мамыр» ықшамауданында тұратын Шынар Жақыпақын қазақтың ұлттық тағамдарының бірі – өрметөстікті дайындаудың хас шебері.



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өмірін ұстаздықпен байланыстырған ол, бүгінде қаладағы №188 мектеп-гимназияда география пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Жақында Шынар мұғалімдер арасында өткен «Ұлы дала тұлғалары. Ұлы дала есімдері» атты қалалық байқауда II орынды жеңіп алды. Жобалық жұмысын «Өнеге етем қызыма – өзгеше астың түр-түрін» деп



атапты. Наурыз мерекесі қарсаңында біз Шынар Нұрдаулетқызын марапатымен құттықтап, жеңімпаз атануына себепкер болған ұлттық тағамды кімнен үйренгенін және оның дайындау әдісін сұрадық.

– Бұл тағамды әзірлеуді маған анам үйретті. Ал анам әжемнен үйренген. Өрметөстік өргенде



саусақтарына көз ілеспейтін. Қызығатынымын. Дайындау тәсілін бала кезімнен көріп өскендіктен болар, кейіннен анамның айтуымен өрметөстік өруге тез машықтанып алдым. Оны бүгінде қызым Ажарға үйретіп жүрмін. Осы сәтті пайдаланып, мен барлық ісіме қолдау көрсетіп, үнемі тілекші болып отыратын анам Сы-

пайы Жолсейітқызына алғыс білдіргім келеді. Анам – менің тіршілігімнің гүлі, тағдырымның тамыры, – дейді ол. Шынардың анасынан үйренген тағамы бұл ғана емес. Ол қойдың ұлтабарынан да ерекше ас – «үйрек» жасауды да жақсы меңгерген.

Ұлттық тағамдарға қатысты айтары көп ұстаз әңгімесін әрі

қарай былай деп жалғастырды: «Бізде қазақтың тағамдары өте майлы, денсаулыққа зиян деген бір түсінік бар. Менің ойымша, бұл дұрыс пікір емес. Мәселен, өрметөстікті үйге күйеу бала келгенде құрмет белгісі ретінде алдына қойған. Ол – қойдың төс етінен жасалып, сырты аш ішекпен өрілетін қазақтың ұлттық тағамы. Өкініштісі, қазір көп адамдар қой сойғанда оның ішек-қарнын тастай салуға дайын тұрады. Ал ішек-қарында адам ағзасына пайдалы заттар көп. Онда жастықты сақтайтын коллаген мен эластан секілді дәрумендер бар. Менің арнамым – қазақтың ұлттық тағамдарын шетелдерден қонақтар арнайы іздеп келетіндей деңгейге жеткізу. Сондықтан ұлттық тағамдарды Наурызда ғана дастарқанымызға қоймай, күнделікті ішіп-жеуді әдетке айналдырсақ, құба-құп», – деді ол сөз соңында.

Біз қазақтың ұмыт бола бастаған ерекше тағамдарының бірін әзірлеуді насихаттап жүрген Шынар Нұрдаулетқызына алдағы ісіне сәттілік тіледік.



IC-ШАРА

Алматыдағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясында «Наурыз – бейбітшілік пен татулықтың ұйтқысы» атты халықаралық деңгейдегі «дөңгелек үстел» өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Іс-шараны М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтымен бірлесе ұйымдастырды. Халықаралық деңгейде өткен «дөңгелек үстелдің» мақсаты – Қазақстанмен көрші елдердің береке-бірлігін дәріптеу, әр елдегі Наурыз мейрамының тойлану ерекшелігін, бүгінгі заман талабына сай жаңғыру-жаңару бағытын айқындау. Түркі тектес халықтар мен иран халықтарының осы мерекені тойлаудағы ортақтығы мен өзгешеліктерін қарастыру, шекаралас елдер арасындағы халықтың береке-бірлігін дәріптеу, қазақстандық патриотизм мен этносаралық келісімді дамыту болып табылады. Қадірлі қонақтарға Жамбылдың академиялық жинағы, т.б. сыйлықтар табыс етілді. Сонымен бірге, кастерлі мерекенің мән-мағынасы, қасиеті, халықтар достығындағы маңызды орны турасындағы ой-пікірлер ортаға салынды.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, фольклортанушы ғалым:



– Наурыз – әлемдегі ең айрықша мереке. Дүние жүзі біртекті наурыз деп атамауы да мүмкін. Бірақ көктемде жылдың басы ретінде қабылдайды, адамзаттың тарихындағы ең басты мейрамның бірі болып саналады. Наурыз мейрамы адамгершілікке үндейді. Дәлірек айтқанда, бұл күні адамдар бірімен-бірі татуласуға, бір-бірін кешіруге, аман-есен қауышуға, алғыс, жақсы сөз, тілектер айтуға талпынады. Еліміздің батыс өңірлерінен басталатын мереке «Көрісу күні» деп аталады. Оның өзі адамдардың аمانдығын тілейді, бірін-бірі түгендеуіне, қыстан шыққан көшпелі халықтың көрісуіне белгіленген. Ұлыс оң, кастерлі Наурыз мерекесі құтты болсын!

Мухсен ФАГАНИ,
Иран Ислам Республикасының Алматыдағы Бас консулы:



– Наурыз рәсімі – расында мындаған жылдар бұрын, мындаған шаршы шақырым аумақты құрайтын, жүздеген түрлі ұлттар мен этностарды қамтитын ежелгі Иран империясында басталып, осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Бұл сабақтастықтың өзіндік табиғаты мен мағынасы бар. Сондай-ақ, бұл исламға дейін, көне парсы жерінде жүздеген жылдар бойы болған. Бірақ аталған дінді ирандықтар да наурыздың әртүрлі ілімдеріне байланысты қабылдады. Мысалы: бейбітшілік, достық, сүйіспеншілік, мейірімділік, үлкендер мен отбасына құрмет. Жаратқанды құрметтеу, табиғи ресурстарды ескере отырып, рәсімдерді қабыл алды. Бір сөзбен айтқанда, ислам мен наурыздың айырмашылығы сезілмейді. Біздердің әркіміміз өмір сүруімізге қарамастан кастерлі мерекені ұлықтау жалғасып, сақталады.

Гусейнзаде АНАР,
Әзербайжан Республикасының Қазақстандағы Елшісінің кеңесшісі, Алматы қаласындағы Өкілдігінің жетекшісі:

– Шын мәнінде, наурыздың жөні бөлек, мағынасы терең. Ал аумағы өте кең саналады. Сонымен қоса, түркі, парсы тілдес мемлекеттерге ортақ құндылық болып табылады. Керек десеніз, Ресей құрамындағы мұсылман халықтары айшықты түрде атап өтіп жатқанын байқаймыз. 2010 жылы Наурыз Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейіне көтерілді. Сонымен бірге, ЮНЕСКО ұйымы тізіміне рухани құндылық сипатында енді. Бұл мерекені әзербайжандықтар табиғатпен тікелей байланыстырады. Нақтырақ, «ауа», «су», «кел» дегендей. Осы аталған дүниелер өзара тығыз байланыста екені түсінікті. Бізде «оттан секіру» дәстүрі сақталған. Мұның семантикасы барлық келенсіздіктер өткен жылда қалып, жаңа қуаныш, шаттыққа кенелуді білдіреді. Меніңше, аталған құндылық барша туысқан жұртқа ортақ.

Бақытжан ӘЗІБАЕВА,
филология ғылымының докторы, профессор:

– Наурыз мерекесі – өте көне, дінмен байланысты емес, халықтың рухани қажеттілігінен туған, көп ғасырлық тарихы бар мерекелердің бірі. Өйткені, бұрынғы замандарда адамзат өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген, табиғатпен үйлесімдікте өмір сүрген. Өзінің өмір салтын табиғат тәртібіне, заңдылықтарына сәйкес құрып қалыптастырған. Сондықтан да осы күнге дейін сақталған. Біздерде Кеңес заманында 1926 жылдан бастап Наурызды атап өтуге тыйым салынды. 1986 жылғы оқиғадан кейін біздің азаматтар ең бірінші кезекте халықтың рухын көтеру үшін Наурыз мерекесін жаңғыртуға көп еңбек сіңірді.

Наурызға қатысты әрбір жұрттың өзіндік ерекшеліктері бар. Біздер көшпенділіктен отырықшылыққа, қалалық өмірге табиғи жолмен емес, белгілі тарихи-саяси жағдайда қысқа мерзім ішінде көшуге мәжбүр болдық. Сол себептен, кейбір ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық дәстүрлерімізден айырылып, біршама дүниелерімізді естен шығарып қоя алдық. Дегенмен, қазір барлығын есімізге түсіріп, жаңғыртып жатырмыз. Отқа байланысты рәсімдерді көрнекті ғалым Шоқан Уәлиханов жазып кеткен. Өкінішке орай, ол ұмытылған тәрізді.

Наурыз – шын мағынасында жыл басы. Демек, үміт, арман кезі, жақсы тілек-дұға жасайтын кез. Болашақты ойлайтын, сол арман ұмытылыстарды жүзеге асыру үшін жоспар жасайтын шақ. Мерекеден мерекеге аман-есен жете берейік!

Төрәлі ҚЫДЫР,
филология ғылымының кандидаты:

– Наурыз хақында орта ғасырдың шайырлары жырлаған. Алтын орда дәуірі тұсында жасаған Рабғузидің «Кисса сүл әнбия» еңбегінде наурыз туралы үлкен бір газал бар екен. Алтын орда өздеріңіз білетіндей, дін мен дәстүрдің ұштасқан, Ханафи мектебінің қоныс тепкен кезеңі дейміз. Сол жерде наурыз жайындағы газалдың Жүсіп пайғамбар қиссасының ішіне салып берген. Ал Жүсіп пайғамбар қашанда сұлулықтың, әдеміліктің нышаны болған. Мұның өзіндік мәні бар. Онда «наурыз келді, әлем гүлге, бәйшешекке толды» дейтін тамаша жыр жолдары кездеседі.

Наурыз – достық, татулықтың ғана емес, сұлулықтың да нышаны екен. Оның келуімен жер жүзі көкпенбек, ғажайып жасыл түрге енеді. Баршаңызды Ұлыс күнімен құттықтаймын!



Қазақ үшін Ұлыстың ұлы күнін атап өту аса маңызды саналған. Мұның қадір-қасиеті айрықша. Мән-мағынасы алып емендей тереңде жатыр.

АДАМЗАТТЫ ІЗГІЛІККЕ ҮНДЕЙДІ



Ұлттық құндылығымыздың артықшылықтары, белгілері, рухани жағы туралы тереңірек білгеніміз абзал. Осыған байланысты филология ғылымының кандидаты, фольклортанушы ғалым Сейілбек СӨКЕНМЕН әңгімелескен едік.

– Наурыздың шығу тарихын кеңірек айтсаңыз?

– Бұл – ұлы мейрам. Ол жағы сөзсіз. Бүкіл әлем халықтарында көктемді тойлау бар. Мұны мұсылмандық мейраммен қабыстырмаған жөн. Кастерлі құнды жауһарымыздың тамыры әріге кетеді. Негізінен антикалық әдебиетте, соның ішінде көне гректердің «қарлығаш» сынды, т.б. өлеңдерінде кездеседі. Одан кейін орыс халқында

ұмтылған. Бұл күні ойын-сауық құрылып, ду-думан болған.

Сонымен бірге, бір деректерде Тәуке хан 14 наурызды Көрісу, Амал мерекесін арнайы жарғысымен белгілеген деседі. Соған қарап-ақ арғы жағын түсіне беруге болады.

– Бұрынырақта, бала күндеріңізде қалай аталып өтілетін еді?

– Біздердің бала кезімізде наурызкөже деген болатын. Қанша жоюға тырысса да, ауыл-аймақ тойлап жатты. Шешей сол көжені бермесе өзін кінәлі сезініп, жанталасатын. Сөйтіп, ауылдастарымен бірге тойлатуға атсалысатын. Кезекке тұрып, туматуысты, ағайын-бауырды және көпшілікті көжеге шақыратын. Оған жеті түрлі дәм араластырып, ол уақта сүр ет қой, соны қосатын. Ең мықты компоненті жүгеріні келіге түйеді. Ағарған қатқан. Өркім шарамен алып келетін. Наурызкөжені қарын жарылғанша ішкен. Өте қиын болатын. Аса маңызды дүние саналатын.

– Әңгімеңізге рахмет!

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

«НАУРЫЗ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢҒЫРУ»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» кітапханасында қалалық Мәдениет басқармасы мен «Таңбалы» мемлекеттік қорық-музейі бірлесіп, «Наурыз: Дәстүр және жаңғыру» атты көрме мен ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.



Рая
ЕСКЕНДІР



Конференция қонақтары мен студенттер қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салтын насихаттайтын, бай материалдық және рухани мәдениетін көрсететін киіз үй мен ішкі жабдықтарды, басқа да көне жәдігерлерді тамашалады. Сонымен қатар, Алматы қаласында Наурыз тойлана

бастағалы өткізіліп келе жатқан іс-шаралар бейнеленген суреттер де тақырыпты толықтыра түсті. Конференцияны тарих факультетінің деканы Меңдікүл Ноғайбаева ашып, жүргізіп отырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарап, сақтауды қалыптастыру», – деп ерекше мән берген еді.

– Біз Наурыз мейрамының озық үлгісін күнделікті өмірімізге кеңінен пайдалануымыз керек. Бұл – тұтастық, бірігу, бірін-бірі кешіру, тіпті болашаққа бағдар жасау мейрамы дер едім. Қазіргі кезде халқымыз қиын кезеңді басынан кешіріп жатыр. Бұл мереке баршаңызды ұйыстырып, ата-баба ғұрыптарын жаңғыртса деймін, – деді ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д. Әбдеш Төлеубаев.



МӘСЕЛЕ

НАУРЫЗКӨЖЕ

мейрамханаларда дайындалуы керек



Наурызкөже – Наурыз мерекесінің басты атрибуты. Мерекелік дастарханның бұл басты мәзірінің адам ағзасына тигізер пайдасы өте зор. Қазақ тағамтану институты мамандарының айтуынша, оның құрамында B1, B2, PP, E, A ақуыздары мен амин қышқылы бар. Экологиялық таза, табиғи өнім болғандықтан, оның бүйрек, жүрек, өкпе ауруларына қарсы емдік қасиеті де бар. Ендеше, басқа күні болмаса да, тап наурыз айында барлық дәмханалар ас мәзіріне наурызкөжені неге енгізіп қоймасқа?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Серік ЖҰМАБАЕВ

Еліміздің барлық дәмхана иелері осыны дұрыс түсініп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға шөкімдей болса да атсалысып жатса, нұр үстіне нұр. Осы идеяны Ұлыстың ұлы күні – төл мерекеміз қарсаңында іліп әкетіп, өздерінің ас мәзіріне енгізіп қоятын болса, қандай тамаша болар еді. Өйткені, дертке дауа сусын тек жылқы, түйе сүтінен жасалынатын қымыз немесе шұбатпен шектелмейді. Ағарғаннан әзірленетін ас атаулының қатарында айран, шалап, наурызкөже сусындары да бар.

Белгілі мемлекет қайраткері, Мәжіліс депутаты Серік Үмбетов Алматы облысын басқарған уақытында ұлттық сусындарды ұлықтауды өте керемет ұйымдастырған еді. Бір Талдықорғанның өзінен ұлттық тағамдарды ұсынатын көптеген қымызханалар ашқан болатын. Оның ішінде наурызкөже, бидайкөже, ұлттық тағамның неше түрі сатылатын. Неге осы тәжірибені барлық облыстарда қолға алмасқа?

Бұл, біріншіден, елге жұмыс орны. Екіншіден, табыс көзі. Үшіншіден, салауат-

ты өмір салты болады. Қазақтың төл жаңа жылы – Наурыз жалпыхалықтық мереке болғандықтан, наурызкөже әрбір үйде, әрбір дәмханада міндетті түрде болуға тиіс. Енді біз зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет құруға талпынып отырғандықтан, жекеменшік дәмханаларға ұлттық сусындардың болуын міндеттемесек те, үгіт-насихат жұмыстарын көбірек жүргізуіміз керек секілді.

Бұл ретте жұртшылық осы айда кафе-мейрамханаларға барғанда наурызкөженің болуын талап етіп отырса, қандай жақсы болар еді. Өйткені, біз нарықтық экономикада өмір сүріп отырғандықтан, сұраныс артқан сайын ұсыныс та көп болатыны сөзсіз. Егер халық асханаларда ұлттық сусындардың болуын сұрайтын болса, онда еліміздегі барлық дәмханалар, тіпті шетелдік кафе-мейрамханалар да өздері үшін табыс табу мақсатында міндетті түрде ас мәзірлеріне наурызкөжені енгізетін болады. Сондықтан адам ағзасына аса зиян кока-кола мен фанталарды ішкенше, бір сәт экологиялық таза, табиғи өнімдеріміздің дәмханаларда, дүкен сөрелерінде тұруын талап ететін болсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Сіз не дейсіз?

Медет ҒАЗИЗҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

ТЕГІН ТАРАТЫЛСА, ҚҰБА-ҚҰП

Қазір еліміздегі дәмханалардың барлығы жекеменшіктің қолында. Оларға мемлекет тарапынан қаулы шығарып, «Наурыз күні наурызкөже жасандар» деп ешкімге талап қоя алмаймыз. Дейтұрсақ та, бұл мерекені бүкіл ел болып атап өтетін болғаннан кейін барлық дәмхана иелері өз бастамаларымен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мақсатында ас мәзіріне наурызкөжені қосып, оны арзан бағамен сатса, тіпті реті келсе, жоқ-жітіктерге қайырымдылық жасап тегін таратса, ол үлкен сауапты іс болар еді деп ойлаймын.

Айдана МАХАМБЕТОВА,
көпбалалы ана:

ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕ ЖАҚСАРАДЫ

Әрине, қазақтың жаңа жылында, ең болмағанда бір күн, қоғамдық тамақтандыру орындарындағы ас мәзіріне наурызкөжені енгізіп қойса, қуана құптар едік. Өйткені, оның адам ағзасына пайдасы зор. Мен сізге бір-ақ мысалын айтайын. Қайта өнген бидай немесе жүгерінің құнарлылығы 10–12 пайызға дейін артады. Мәселен, өңделген жүгері дегеніміз не, ол қалай дайындалады? Жүгеріні суға салып, көлеңкеге қояды. Біраз уақыттан соң су сіңген сол жүгеріні құрғақ жерге қойса, жүгеріден түйін шығады. Ал ол жай түйін емес, бойына бар дәруменді жинаған пайдалы түйін. Міне, осындай жүгеріні көжеге қосу арқылы тағамның құнарлылық деңгейі артады. Наурыз көженің құрамында B1, B2, PP, E, A, ақуыз және аминқышқылы бар. Көжені ішкен адамның иммундық жүйесі жақсарады. Шөлі қанып, жүрек жалғайды және артық салмақтан арылтады. Онымен қоса, ағзада жиналған артық-ауыс шлактарды шығаруға көмектеседі.

Бакытбек ЖАҚЫПОВ,
кәсіпкер:

ҚОЛДАУ КЕРЕК

Бұл – керемет идея. Егер барлық кафе-мейрамханалар төл мерекеміздің қарсаңында наурыз көжені өздерінің ас мәзіріне енгізіп қойса, ол халықтың қызығушылығын туғызып, ұлттық сусындарымызға деген сұраныс артар еді. Оның үстіне, ұлттық тағамдардың адам ағзасына тигізер пайдасы зор. Тіпті, мен тек дәмханаларға ғана емес, ауруханаларға да енгізуді жөн деп санаймын. Онда қазірше айран мен сүт қана береді. Неге осыны ұйымдастырмасқа? Бірақ мұны іліп әкететін басшылар болса ғой, шіркін.

Өкінішке қарай, бізде ұлттық сусындарға деген көзқарас өте нашар. Есесіне, елімізде кока-кола мен фанталардың жарнамасы самсап тұр. Олардың адам ағзасына зиян екендігін, неше түрлі химиялық қоспалар қосатынын мамандар қанша көтерсе де, әлі де одан арылу тыйылмай тұр. Ұлттық сусындардан «Наурызкөже», «Бидайкөже», «Нұрқөжелер» экологиялық таза, табиғи өнім. Бұған ешқандай химиялық қоспалар қосылмайды. Бір байқағаным, ұлттық сусындардың бүйрек, жүрек, өкпе ауруларына қарсы айтарлықтай оң ықпалы бар екен.

Таяуда маған 82 жастағы қарт кісі қонырау шалып, өзінің осы «Наурызкөжені» үздіксіз, бір ай ішіп, соның арқасында бүйрегіне жиылған тасы түскенін жеткізді. Айта берсек, ұлттық сусындардың адам денсаулығына пайдасы көп. Тек соны елге түсіндіріп, насихаттауымыз керек. Ал ұлттық сусындарды шығаратын кәсіпорындарға мемлекет тарапынан жәрдем берілсе дұрыс-ақ болар еді.

ОЙТҮРТКІ

**Наурызға дайындық
үйімізге, айналамызға,
өзімізге тазалық жасаудан
басталады.**

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Ең алдымен қора-қопсыны, үйдің ішін жуып-тазалаймыз. Үйдегі сынық ыдыс, кетік кеселерге дейін тастап, қариялар сақал-мұртын басып, апалар жаулық-орамалын нілге салып, аппақ қылып ағартып, балаларды жуындырып, шайындырып, тырнақтарын алып, кекілін қиып, айдарын жөндеп, үлкен дайындық басталып кетеді. Тазалық жүргізіп болған соң, әжелеріміз үйдің айналасын, қора-қопсыны адыраспанмен аластайды.

Қазіргі бала адыраспанның түтіндеген иісіне танауын тыржита қалады. Ал біз сол адыраспанмен өстік. Үйіміздің дәл іргесінде өсіп тұратын. Өлі де бар. Гүлінен кәдімгі алманың түріндей кішкентай түйнек пайда болады. Оны біз, бүлдіршіндер жұлып алып, «үй-үй» ойнағанда «дастарханға» алма деп қоятынбыз. Бірақ иісі өткір, ащы болатын. Оған да үйреніп кеткенбіз.

АДЫРАСПАН

Қазақ халқы бұл емдік шөптің үй ауасын тазартатын қасиетіне қатты көңіл бөлген



Оны мал да жемейтін. Сондықтан айналамызда адыраспаннан басқа шөп болмайтын. Сөйтсек, дәмі ащы, сабы мен гүлінде у болады екен ғой.

Ауылдағы әрбір шаңырақтың керегесінде адыраспан ілініп тұратын. Бұл шөп сол үйдің ажырамас бір бөлшегі іспеттес саналатын. Иә, қазақ халқы «адыраспанның киесі бар» деп, аяқтың астына таптамай, ат үстінен керекті мөлшерін ғана алып ем қылған. Бөле-жәледен сақтайды деп

кереге басына іліп қойған. Ал жаңа қонысқа кірерде босағаға «жын-шайтан мүлдем жоламасын» деген тілекпен адыраспанмен аластаған. Сонымен қатар, жын-шайтандардан тазарту үшін оның бір бұтағын отқа тұтатып, үйді аластайтын болған. Қазақ халқы бұл емдік шөптің үй ауасын тазартатын қасиетіне қатты көңіл бөлген.

Бір адыраспанның бірнеше қасиеті бар. Мәселен, қыз-келіншектер адыраспанды ұзақ кайнатып, күрең қызыл бояу шығарып, жүннен жасалатын колөнер бұйымдарына пайдаланған. Әйелдері текемет басқанда, киіздің қасына көз тимесін деп адыраспан және қызыл түсті мата төсеген. Өйткені, ондайда текеметке немесе киізге көз тисе, салынған өрнектер қиғаш немесе қисық түседі-мыс.

Жас келін босағанда, сәбилер сырқаттанғанда, өкпе ауруына шалдыққанда адамдарды аластаған. Адыраспанға қылшаны және ермен, кермек жусан шөптерін қосып, күн батар кезде әдейі арналған ыдысқа өртеп, оның түтінімен адамды емдеген деседі.

Халық емшілері адыраспанды адамның құянын, жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Адыраспанды зерттеу барысында оның құрамында гармалин бар екені анықталған. Ол – антидепрессант. Дәрігерлер адыраспан жүрек қағысын тұрақтандырып, оның құрамындағы гармалиннің гидрохлориді туберкулез қоздырғыштарына қарсы тиімді күресетінін айтады. Тұмау тиіп ауырғанда да отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып, аластаудың магиялық функциясымен қатар, ем дарытатын қасиеті де бар. Адамның жел-құздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып жаншып, буынға тарту керек дейді мамандар. Көп жағдайда суық тиіп, ауру басталғанда адамның денесі мұздап, қалтырап берекесі кетеді. Сол кезде адыраспанның қайнатпасын ішсе, ауруды жеңілдететін көрінеді.

Малдың қотырын адыраспанды қайнатып жуған. Көшпелілер кесіртке тәрізді жәндіктер жараланғанда, олар адыраспанға аунап жазылатынын байқаған.

Міне, қазіргі мың сан химиялық қоспа қосылып дайындалатын түрлі ауа тазартқыш құралдардың қасында адыраспанның қасиетін менің бабам ілім, ғылым меңгермей-ақ ежелден біліп қойған.

Айтпақшы, кеше базардан кептірілген адыраспан әкеліп қойдым. Бір бумасы 250 теңгеден екен. Қалтаға салмақ салмайды. Наурыз қарсаңында үйді бір аластап алармын деп отырмын.



САДАҚ АТУ



БІЗДІҢ МЕРГЕНДЕР – ФИНАЛДА

«Құралайды көзге атқан мерген» деп қазақ халқы садақ атудың қыр-сырын үйренген батырларды ертеден бағалаған. Бүгінгі күні бұл өнер жоғалған жоқ, бабалар жолын қуып қазақ садақшылары Азия кубогына қатысуда.

Қазақстан құрамасы ерлер арасындағы садақ атудан Тайландта өтіп жатқан Азия кубогының финалына шықты. Қазақстандық садақшылар классикалық садақ атудан топтық жарыста табысқа жетті.

Шешуші кезеңде біздің спортшылар Үндістан құрамасымен кездеседі. Финалда Қазақстан атынан Санжар Мұсаев, Дәулеткелді Жаңбырбай және Ильфат Абдуллин қатысады. Шешуші кездесу 19 наурызда өтеді.

Сондай-ақ, жекелей садақ атудан Дәулеткелді Жаңбырбай Азия кубогының финалына шықты. Отандасымыз классикалық садақ ату сайысында алтын жүлдеге таласады. Дәл осы спорт түрінен Илфат Абдуллин

үшінші орын анықталатын кездесуде өнер көрсетеді.

Айта кеткен жөн, 1900 жылы Парижде өткен Олимпиада ойындарына садақ ату өнері қосылған, бірақ 1920 жылы олимпиадалық спорт түрлерінен қайта шығарылып тасталды. Тек 1972 жылы әлемнің ең басты бәсекесіне қайта оралды. Бүгінгі күні садақ атудан ерлер мен әйелдер арасындағы жеке және командалық біріншілікте 4 жүлде жинағы ойнатылады.

Садақ ату өнері елімізде 1968 жылдан бері ресми спорт түріне енген. Ал заманауи тарихымызда Қазақстан садақшылары 1992 жылы ФИТА халықаралық садақ ату федерациясына қабылданғаннан кейін жеке-дара өнер көрсете бастады.

НӘТИЖЕ

ЕҢБЕК ПЕН ЕСЕП

Қазақстандықтардың Бейжің Паралимпиадасындағы нәтижелері қорытындыланды.



ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Ұлттық паралимпиада комитеті Қазақстандық спортшылардың Бейжіңдегі ойындарға қатысуының қорытындысын шығарды.

– 4-13 наурыз аралығында Қытайда өткен XIII қысқы Паралимпиадада біздің команда бір қола медальға ие болып, 53 ел арасында командалық есепте 17-ші орынға тұрақтады. Паралимпиадада 700-ден астам спортшы спорттың 6 түрінен 78 медаль жиынтығын ойнады. Оның ішінде біздің спортшылар 12 медаль жиынтығы бойынша жарысты. Паралимпиадада ел намысын 5 спортшы қорғады, – деді ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері ко-

митетінің төрағасы Самат Ергалиев.

Бейжіңдегі Паралимпиаданың қорытындысы бойынша спортшылар мен жаттықтырушылар мемлекеттен 131 млн теңге алады және «Дене шынықтыру және спорт саласы туралы» Заңға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Александр Герлицке бір бөлмелі пәтер береді.

Александр Герлиц парабиаатлонда 10 шақырым қашықтықта көрсеткен нәтижесінің арқасында үшінші орын алды. 2022 жылғы Паралимпиада қорытындысы бойынша Александр Герлицке «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері» атағы берілді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ОЙЫН – ӨМІР, ОЙЫН – ТАҒДЫР



Қазақ дәстүр-салт, жөн-жоралғыға бай. Соның ішінде ең қастерлі дүниесі бар. Ол – ұлттық ойындар. Оның мақсаты адамзатты игілік, ізгілікке баулу болып табылады.

Нидерландық мәдениеттанушы Иохан Хейзинг «Ойнаушы адам» кітабында «Ойын – қоғамның кез келген саласында өзіндік рөл атқарады» дейді. Шын мәнінде де «ойнасаң да – ойлап ойна» немесе «ойнадың, бірақ ойыңдағыны айттын» деп жатады. Осыдан-ақ, қаншалықты маңызды қызметке не екендігін бірден байқауға болады.

ДӘЛІРЕК:

- ОЙЫН – ӨМІР;
- ОЙЫН – ТАҒДЫР;
- ОЙЫН – КҮЛКІ;
- ОЙЫН – АРМАН.

Ұлыстың ұлы күні ойын-сауықсыз өтпеген. Қыстан жүдеп шыққан халықтың көңіл күйін көтеруге, жадыратуға, жаңа жылға жаңа арман, мақсаттармен баруға негізделген.



Теңге ілу

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ой-

налады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

P.S.

Жалпы, әр ойынның өз миссиясы болған. Асық ойындары баланы батылдыққа баулиды. Теңге ілу ширақтыққа, әскери өнерге тәрбиелейді. Алтыбақан отау құруға, жастардың шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Наурыз мейрамының бір қыры адамзатты ойын қасиетімен жақындастырып, татулық пен береке-бірлікке үндеген.

Дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Досбол АТАЖАН.

ТАНЫМ МЕН ТӘЛІМ

БЕСТАС

Бүгінде 10 баланың 9-ы гаджетке, компьютерге жіпсіз байланған, тәуелді десек те асыра айтқанымыз емес. Ішіндегінің бәрін түгел шағады. Ғаламтордағы ойынның түр-түрін біледі. «Бұл қандай ойын? Осындай да ойын бола ма?», – деп жорта сұрай қалсаңыз, «О-ой, сіздер түсінбейсіздер мұндай ойындарды!», – деп шығатыны бар. Құдды бізді ойын баласы болмай, осылай ересек болып туғандай қабылдайды. Ойынның көрігін дәл біз қыздырғанымызды қайдан білсін, ә, олар?!
Нұржамал ӘЛШЕВА



Фарфордан жасалған «Бестас» статуэткасы, «Қазақтың балалар ойыны» коллекциясынан.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Қазіргі балалар секілді күн көзін көрмей, аппақ жұмыртқадай болып төрт қабырғада отырмадық. Үй бетін көрмей ойнайтынбыз. Ұл, қыз деп бөлінбей, асық та ататынбыз, «сақина салмақ», «бестас», «ақсүйек», «ақ сандық, көк сандық», «соқыр теке» ойнап, ләңгі де тебетінбіз. Және бұл ұлттық ойындарды мерекені күтпей-ақ, күнде ойнайтынбыз. Ең бастысы – далада, таза ауаны жүгіріп жүріп-ақ қалағанымызша сіміре жұтып ойнағанбыз. Сондықтан ішкен тамағымыз да бойымызға сіңімді болатын.

Күні бойы далақтап шаба берген соң, аяғымыз талып, бір уақыт дамыл табу үшін отыра қалып «бестасқа» кірісетінбіз. Көбіне қыздар ойнайтынбыз. Бірақ ұлдар да бізден қалыспайтын. Олар да қу, шаршайды ғой, әрине, тынығып алғысы келеді.

Ойыншыны жылдамдыққа, қағылездікке, тез шешім қабылдауға үйрететін «бестас» – өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Оны бала да, батыр да ойнаған деседі. Ойынға керекті зат – қойдың құмалағынан үлкендеу, қолға ұстауға ыңғайлы бес домалақ тас, кейде бес асықпен де ойнаған. Ойынға қатысатын адам санына шектеу шок. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады.

Ойын бірнеше сатыдан тұрады. Алғашқысы – «бірлік». Ойыншы бес тасты жерге иіріп тастаған соң, біреуін қақпатаст етіп жоғары лақтыра отырып, қалғанын бір-бірілеп қағып алады. «Екілік» – тастарды жерге иіріп тастап, жердегі төрт тасты екі-екіден қағып алу. «Үштік» – үш тасты бірге, бір тасты жеке қағып алады. «Төрттік» алақандағы бес тастың ішінен қақпатаст етіп жоғары лақты-

рып, ол қайта түскенше төрт тасты жерге қойып үлгереді де, тағы лақтырып, жердегі тастың төртеуін қайта жинап алып, қақпатасты қағып алады. Одан кейінгі «жалақ» кезеңінде үш немесе бес жалақ болады. Қақпатасты жоғары лақтырып жіберіп, сұқ саусақпен жерді үш немесе бес рет «жалатып» үлгеру керек. Үш рет жалау немесе бір рет жалау ойыншылардың өзара келісуі бойынша белгіленеді. «Алақанда» қақпатасты аспанға лақтыра отырып, қалған төрт тасты бір-бірілеп екінші қолдың алақанына жинайды. «Төрт бұрыш» – төрт тасты жерге қойып, яғни төрт бұрыш жасап қойып, содан соң қақпатасты биіктікте лақтырып, тастардың төртеуін де жинап қағып алу. «Арттан тастау» да қызық. Ойынның бұл түрінде жерден бірінші тасты қағып алған соң, екінші тасты қағып алу үстінде бірінші тасты қолдың артынан жерге тастау керек. Үшінші тасты қағып алу үстінде екінші тас арттан тасталады. Бәрін тастап болған соң, жердегі тастарды соңынан тұтас жинап қағып алу керек. «Үндеместе» қақпатасты қағып алғанда, ол алақандағы басқа тасқа соғылмауы керек. Ойынның шарты бойынша бұл кезеңде ойыншының өзі де үндемей отыруы керек. Ал басқа ойыншылар ойынның осындай жағдайын пайдаланып, үнсіз ойыншыны күлдіруге тырысады. Ойыншы күліп жіберсе, ол сол арада ойнауын тоқтатуға тиіс.

Қазақ ұрпағын қарапайым ойындар арқылы да тәрбиелеген. Мәселен, біз сөз еткен «бестас» баланың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйретеді. Сонымен қатар, көздің көруін жақсартып, көз жанарын жетілдіреді. Адамды тыныштандырып, сабырлыққа үйрететін қасиетке ие көрінеді.

Қазіргі балалардың «жан досы» – ұялы телефон, екеуі үнсіз ұғысады, үнсіз тілдеседі. Сондықтан балада тілдік, сөздік қор жоқ. Ал «бестас» секілді көппен бірге ойналатын ұлттық ойындар баланы көпшілікке үйретері сөзсіз. Ойыннан да ой ізделіп еңдесе!



● **ӨТТІҢ, ДҮНИЕ**

Михаил Валерьевич БУРЕНКОВ

**Журналистика саласы орны толмас қазаға душар болды.
«Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Михаил Валерьевич Буренков дүниеден өтті**



Михаил Валерьевич 1964 жылы 14 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. 1989 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың Журналистика факультетін бітірген.

1997-1998 жылдары «Московский комсомолец в Казахстане» газетінің Бас редакторы, одан 2002 жылға дейін «Новое поколение» газетінің жауапты хатшы қызметін атқарды.

2002 жылы «Казахстанская правда» газеті бас редакторының орынбасары, 2004-2005 жылдары ҚР Президентінің телерадиокешенінде редактор, 2006 жылға дейін «Столичная жизнь» басылымының Бас редакторы болды. 2006 жылы «Сегодня» газетін басқарды.

2007-2008 жылдар аралығында «Еуразия» халықаралық кинофестивалінің баспасөз хатшысы және 2013 жылға дейін «АДА» жарнама агенттігінің бас директорының орынбасары қызметінде болды.

2014-2015 жылдары «Баспалар Үйі» АҚ редакторы, 2015–2020 жылдары «АиФ Казахстан» газетінің жауапты хатшысы және газет шолушысы қызметтерін атқарды.

2020-2021 жылдары «Вечерний Almaty» газеті бас редакторының орынбасары, 2022 жылдың қаңтар айынан бастап Бас редакторы болып жұмыс істеді.

«Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Михаил Валерьевич Буренков 35 жыл өмірін журналистикаға арнап, осы жылдар аралығында өзін жоғары кәсіби маман, қамқор әрі іскер басшы, мықты журналист ретінде таныта алды.

Соңғы жылдары «Вечерний Almaty» газетінің өсіп-өркендеуіне және мемлекеттік ақпарат саясатының дұрыс жүргізілуіне үлкен үлес қосты.

Әріптесіміз, «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Михаил Валерьевич Буренковтың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«ALATAY AQPARAT» ЖШС ҰЖЫМЫ.

«Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы, журналистика қайраткері Михаил Буренковтың мезгілсіз қайтыс болғаны туралы қайғылы хабарды естідім. Орны толмас қазаға байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына, әріптестеріне көңіл айтамын.

Михаил Валерьевич орыс журналистикасының көрнекті өкілі, өз ісінің нағыз кәсіби маманы, дарынды да білікті басшы бола білді.

Өмірінің 35 жылдан астамын шығармашылық қызметке арнаған ол тәуелсіз Қазақстан баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты, білікті мамандардың тұтас бір тобын тәрбиеледі. Михаил Валерьевич өз мақалаларында әрқашан ең өзекті тақырыптар мен мәселелерді көтерді.

Михаил Валерьевич екі жыл бойы «Вечерний Almaty» газетінің редакциясын сәтті басқарып, материалдардың сапасын арттырып, қаламыздың бас газетінің оқырмандарының қатарын көбейтті. Ол халықтың тұрмыс-тіршілігін, шынайы бет-бейнесін жазып, өзекті тақырыптарды қамтыды. Азаматтардың мәселелерін шешуге көмектесті.

Михаил Буренковтың есімі оның отбасының, әріптестері мен достарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Ерболат ДОСАЕВ,
Алматы қаласының әкімі.

«Вечерний Almaty» газетінің бас редакторы Михаил Буренковтың кенеттен қайтыс болғаны туралы қайғылы хабар келді. Мен Михаил Валерьевичті білікті маман, жанашыр жан және ерекше тұлға ретінде жеке танытынмын...

Бірнеше жыл қоян-қолтық жұмыс істедім. Ол шаһар өмірін өте жақсы білетін, Алматыда туып-өскен соң, қаламыздағы әрбір өзгеріске, әрбір оқиғаға шын жүректен алаңдайтын.

Жұмыста жүріп «жан тапсырды» десек, артық айтқандық болмас.

Достар, әріптестер, «Вечерний Almaty» және «Almaty aqshamy» газеттерінің редакция ұжымдары, сіздердің қайғыларыңызға ортақпын, шын жүректен көңіл айтамын.

Ержан БАБАҚҰМАРОВ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республика-саға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

● **ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!**

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:**
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● **ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!** ●

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-
нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

**«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға
жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY»
жарияланымдары мектептерде,
колледждер мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік желілерде
зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –
алматылықтардың да, еліміздің бар-
лық дерлік өңірлеріндегі оқырман-
дарымыздың да асыға күтетін, сүйіп
оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі мектебі!

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

Наурыз мейрамындағы іс-шаралар

«Шеберлер жәрмеңкесі»



Мегаполисте Наурыз мерекесіне орай ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын «Шеберлер жәрмеңкесі» ұйымдастырылады. Ол жерден қолөнер шеберлерінің зергерлік бұйымдары, киізден және жібек матадан жасалған бұйымдар мен киімдер, сазды аспаптар, шығыс миниатюрасы, тоқыма, теріден жасалған заттар, сандықтар мен кілемдер ұсынылады. Үш күнге созылатын шарада әртүрлі шеберлік сыныптар өтеді. Жәрмеңкеге келушілер де өз шеберліктерін ортаға салуға мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінен лотереялық ұтыстар ойнатылады.

Күні мен уақыты: 21–23 наурыз. **Өтетін орны:** Жібек жолы даңғылы (Желтоқсан мен Наурызбай көшелерінің қиылысы).



Әз-Наурыз!

ҚБТУ ғимараты алдындағы «Астана» алаңында Наурыз мерекесіне орай ең үлкен концерт ұйымдастырылады. Көрермендерге қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін барабандар, дауыпаздар мен қобыздарды қолдана отырып театрландырылған шоу ұсынылады. Аталған іс-шара үшін арнайы заманауи өңдеуде музыкалық этно-фольклорлық композиция жазылды.

Мерекелік концертке барлығы 500-ден астам әртіс қатысады. Сонымен қатар, сахнада 100-ден астам адам өнер көрсетеді. Қойылымда Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Жамиля Серкебаева, Рухия Байдүкенова, Тамара Асар, Парвиз Назаров, Ситора, Дильназ Ахмадиева, Диана Шарапова, Диная, Ардақ Балажанова, Айгүл Елшібаева, Айгүл Қосанова, Ерлан Рысқали, Ерболат Чалдыбеков, Ардақ Балажанова, Әли Оқапов, «KeshYou», «Блокбастер» шоу-балеті, домбырашылар ансамблі, «Салтанат» би ансамблі, «Сарын» тобы, «Filigram» шекті аспаптар квартеті және т.б. қатысады. Театр қойылымдарымен қатар ретро мотивтер, сондай-ақ заманауи композициялар ұсынылады. «Бозторғай» балалар хоры Наурыз мейрамына арнайы жазылған қазақ және орыс тілдерінде «Бейбітшілік бүкіл әлемде» («Мир всем мире») әнін орындайды.

Өтетін орны: «Астана» алаңында ҚБТУ ғимаратының сыртында. **Күні мен уақыты:** 21 наурыз, 12.00-де.

Көктөбедегі кеш



Шаһардан 1100 метр биіктікте орналасқан Көктөбе саябағында Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылады. Қала тұрғындарымен қонақтарының назарына шоу-бағдарлама, ұлттық тағамдар, конкурстар және бағалы сыйлықтардың ұтыс ойындары ойнатылады. Ал кешке, жұлдызды аспанмен таласып Rock'n Rolla Live band, Midnight Live Band топтары көрермендерге өнер көрсетеді. Сондай-ақ, саябақтың әлеуметтік желісіне тіркелу арқылы аспалы жолмен аттракционға жолдама ала-аласыз.

Өтетін орны: Көктөбе саябағы. **Күні мен уақыты:** 21-22 наурыз, 14.00–18.00.

Кіші сахналар құрылмақ

Мегаполисте тұрғындарға мерекелік көңіл күйді сыйлау мақсатында кіші сахналар құрылып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылмақ.

П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенттері, балалар шығармашылық ұжымдары, диджейлер мен интерактивтер, Диана Шарапова мектебі және Мұрат Мұтұрғанов өз өнерлерін көрсетеді. Сондай-ақ, күні бойы көшпенділер нақышындағы әуендерді ойнайды, дәстүрлі әуен мен үйлесімдерді заманауи – jazz, funky, rock пен fusion эксперименталды өңдеуде ұсынады. Асық ату, арқан тарту, алтыбақан тебу тәрізді ұлттық спорт ойындары да мерекеге жиналған қауымды өзіне тартары сөзсіз.

Өтетін орны: Панфилов пен Қарасай батыр көшесі. **Күні мен уақыты:** 21 наурыз, 11.00–17.00 аралығында.



Ұлыстың ұлы күніне орай Панфилов, Жібек жолы және Төле би көшелерінде 50-ден астам сәулет нысандары мен қондырғылар орнатылады. Жаяу жүргіншілер көшелерінде стильдендірілген киіз үйлер тігіліп, қолөнершілердің жәрмеңкесі, мейрамханалар аллеясы, суретшілердің көрмелері мен балалар аймақтары ұйымдастырылады.

Қазақ хандығы билеушілері туралы тарих пен аңыз-дандардың кейіпкерлерімен кездесуге болады. Әр инсталляция тек сәндік тұрғыда емес, сонымен қатар ақпараттық қызмет те атқаратын болады. Орнатылған экрандардан мереке өтетін орындар мен олардағы ойын-сауық бағдарламалары туралы толық мағлұмат білуге болады.

Уақыты: 21 наурыз, 11.00-ден – 17.00-ге дейін.

Күні мен уақыты: Панфилов, Жібек жолы және Төле би көшелерінде өтеді.

21-22 наурызда ҚР Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы алаңда «Қазақ әуендері» АҚ Нұр-сұлтан қаласының әртістерінің қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырады.

Газетіміздің келесі саны 26 наурыз, сенбі күні шығады.

Мерекелік концерттер қаланың әр ауданында өтеді



– Алмалы ауданында 22 наурыз күні сағат 12.00 – 17.00 аралығында М.Ганди атындағы паркте;
– Әуезов ауданында 21 наурызда сағат 11.00–15.00 аралығында Әуезов ауданы әкімдігінің алдындағы алаңда;

– Алатау ауданында 22 наурызда сағат 11.00–14.00 аралығында «Алатау» ДӨТ алдындағы алаңда;
– Бостандық ауданында 21 наурыз күні сағат 11.00–13.00 аралығында «MEGA Center» СОО амфитеатрында;
– Жетісу ауданында 21 наурыз күні сағат 11.00–14.00 аралығында «Гүлдер» саябағында;
– Медеу ауданында «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» бағдарламасы 20 наурыз күні сағат 11.00–15.00 аралығында ҚР Ғылым академиясының алдындағы алаңда;
– Түркісіб ауданында – «Көктем шақырады» бағдарламасы 20 наурыз күні сағат 12.00–15.00 аралығында С.Сейфуллин атындағы паркте;
– Наурызбай ауданында 21 наурызда сағат 11.00–15.00 аралығында Абай даңғылында (Алатау көшесінен Тараз көшесіне дейін).

Әкімдік мереке кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін күшейтілген режим қабылданынын атап өтеді. Қала көшелерінде мерекелік іс-шаралар барысында қажет болған жағдайда құқық қорғау органдары тексерулер жүргізеді, оның ішінде тыйым салынған заттарды алып жүруді анықтау үшін.

Дайындаған Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ВАЛЮТА БА-
ҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 561,66 теңге

\$ USD/KZT 507,19 теңге

₽ RUB/KZT 4,90 теңге

¥ CNY/KZT 79,57 теңге